

# SeeSnake®

## CSx)) VIA™



Үйлесімді қолданбалар  
қол жетімді



### ⚠ ЕСКЕРТУ!

Осы құралды пайдаланбас бұрын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы нұсқаулықты дұрыс түсінбеу және қадағаламау электр тогының соғуына, өртке және/немесе ауыр жаракатқа әкелуі мүмкін.

Көмек керек болса және CSx Via құралын пайдалануға қатысты қосымша ақпарат керек болса, [support.seesnake.com/kk/csxvia](http://support.seesnake.com/kk/csxvia) сілтемесіне етіңіз немесе QR кодын сканерлеңіз.



## Мазмұны

### Кіріспе

Ереже жайлы мәлімдемелер .....	3
Қауіпсіздік белгілері .....	3

### Жалпы қауіпсіздік ережелері

Жұмыс орнындағы қауіпсіздік .....	4
Электр қауіпсіздігі .....	4
Жеке қауіпсіздік шаралары .....	4
Құрылғыны пайдалану және күту .....	5
Батареяны қолдану және күту .....	6
Қолдану алдында тексеру .....	6

### Сипаттама

Техникалық сипаттамалары .....	8
Құрамдастар .....	8

### Пайдалану

Орнату .....	9
Шығару .....	9
Негізгі функциялары .....	9
Жарықдиодты шамның әрекеттері .....	10
Қуат күйлері .....	10

### Күтім және қолдау көрсету

Қолдау көрсету .....	11
Тасымалдау және сақтау .....	11
Техникалық қызмет көрсету және жөндеу .....	11
Қоқысқа тастау .....	12

\*Нұсқаулықтың аудармасы – Қазақ

## Кіріспе

Нұсқаулықта аталған ескертулер, "абайлаңыз" ескертулері және нұсқаулар орын алуы ықтимал барлық жағдайларды қамтымайды. Пайдаланушы ақыл-парасат пен сақтандыру шараларын осы құрылғыда ендіруге болмайтын факторлар екенін, сондықтан оларды пайдаланушы өзі барынша қолдануы қажет екенін түсінуі тиіс.

## Ереже жайлы мәлімдемелер

**CE** Еуропалық комиссия талаптарына сәйкестік туралы мәлімдеме (999-995-232.10) тұтынушы сұраған кезде осы пайдалану нұсқаулығымен бірге қосымша кітапша ретінде беріледі.

2014/53/EU Директивасы		
Радио	Жұмыс спектрлері / Қуат	
Аз қуат тұтынатын Bluetooth (BLE)	2400 – 2483,5 МГц	5,44 дБм
Wi-Fi 802.11 b/g/n	2400 – 2483,5 МГц	15,43 дБм
Wi-Fi 802.11 a/n/ac	5470 – 5725 МГц	18,65 дБм

**FCC** Бұл құрылғы Федералдық байланыстар комиссиясының (FCC) ережелерінің 15-бөліміне сәйкес. Бұл құрылғыны пайдалану үшін мына екі шарт орындалуы керек: (1) бұл құрылғы зиянды кедергілерді туындатпауы тиіс және (2) бұл құрылғы кез келген кедергіні, соның ішінде қажетсіз жұмысқа әкелуі мүмкін кедергілерді де қабылдауы керек.

Мына таратқыш модульдерін қамтиды: FCC ID: TFB-1004 / IC: 5969A-1004 және FCC ID: X8WBM832 / IC: 4100A-BM832

## Қауіпсіздік белгілері

Осы пайдаланушы нұсқаулығында және өнімде пайдаланылатын қауіпсіздік белгілері және ескерту сөздері қауіпсіздік жайлы маңызды ақпаратты беру үшін пайдаланылады. Бұл бөлімде осындай белгілер мен ескертулердің түсініктемелері берілген.



Бұл – қауіп жайлы ескерту белгісі. Ол сізге жарақат алу қаупі болуы мүмкін екенін ескерту үшін қолданылады. Жарақат алу немесе өлім қаупінің алдын алу үшін, осы белгінің астындағы қауіпсіздік ескертулерін бұлжытпай орындаңыз.

### **⚠ ҚАУІПТІ**

"ҚАУІПТІ" белгісі абайламаған жағдайда өлім не қатты жарақат алу қаупі бар екенін ескертеді.

### **⚠ ЕСКЕРТУ**

"ЕСКЕРТУ" белгісі абайламаған жағдайда өлім не қатты жарақат алу қаупі болуы мүмкін екенін ескертеді.

### **⚠ АБАЙЛАҢЫЗ**

"АБАЙЛАҢЫЗ" белгісі абайламаған жағдайда жеңіл-желпі жарақат алу қаупі бар екенін ескертеді.

### **ЕСКЕРТПЕ**

"ЕСКЕРТПЕ" белгісі дүние-мүлікті қорғауға қатысты ақпаратты білдіреді.



Бұл белгі құрылғыны пайдаланбас бұрын пайдаланушы нұсқаулығын мұқият оқу қажет екенін білдіреді. Бұл нұсқаулықта құрылғыны қауіпсіз және дұрыс пайдалану туралы ақпарат берілген.



Бұл белгі құрылғыны пайдаланғанда көзді жарақаттау қаупін азайту мақсатында әрқашан екі жағынан қалқандалған көзілдірікті не қауіпсіздік көзәйнегін кию қажет екенін ескертеді.



Бұл белгі тоқ соғу қаупі бар екенін ескертеді.

## Жалпы қауіпсіздік ережелері

### ⚠ ЕСКЕРТУ



Барлық қауіпсіздік ескертулерін және нұсқауларды оқыңыз. Ескертулер мен нұсқаулар орындалмаса, онда тоқ соғу, өрт шығу және/немесе қатты жарақат алу қаупі төнеді.

### ОСЫ НҰСҚАУЛАРДЫ САҚТАП ҚОЙЫҢЫЗ!

#### Жұмыс орнындағы қауіпсіздік

- Жұмыс орны таза және жарық болуы тиіс. Бөлмелердің жиналмаған және қараңғы болуы апатқа себеп болуы мүмкін.
- Құрылғыны жарылғыш сұйықтықтар, газдар немесе шаң жиналған жарылу қаупі бар ортада қолдануға болмайды. Бұл құрылғы жанғыш шаңды немесе жылдам тұтанатын нәрселерді тұтатуы мүмкін ұшқындарды шығарады.
- Құрылғыны пайдаланғанда балаларды және маңайдағы адамдарды оған жақындатпаңыз. Жұмыс барысында басқа нәрсеге алаңдау салдарынан бақылауды жоғалтып аласыз.

#### Электр қауіпсіздігі

- Құбырлар, радиаторлар, электрлік пештер және тоңазытқыштар сияқты жерге қосылған немесе тұйықталған нәрселерге дене тигізу қауіпті болып табылады. Егер денеңіз жерге қосылған нәрсеге тисе, денені тоқ соғу қаупі жоғары болады.
- Құрылғыны жаңбыр не басқа сұйықтықтар тиюі мүмкін жағдайлардан қорғаңыз. Құрылғының ішіне су кіріп кетсе, тоқ соғу қаупі жоғары болады.

- Қуат сымдарын құрғақ күйінде ұстаңыз және олардың еденде қалмауын қадағалаңыз. Құрылғыны не қуат ашасын су қолмен ұстау тоқ соғу қаупін арттырады.
- Қуат сымына зақым келтірмеңіз. Құрылғыны тасымалдау, тарту немесе оны қуат көзінен ажырату үшін ешқашан қуат сымынан ұстап тартпаңыз. Қуат сымын жылу көздерінен, майлы заттардан, өткір немесе жылжымалы заттардан қашықта ұстаңыз. Бүлінген немесе шатасып қалған сымдар тоқ соғу қаупін арттырады.
- Егер құрылғыны ылғалды жерде қолдану қажет болса, жерге қосу желісін автоматты түрде ажырату құрылғысымен (GFCI) қорғалған жүйелерді пайдаланыңыз. Жерге қосу желісін автоматты түрде ажырату құрылғысы тоқ соғу қаупін азайтады.

#### Жеке қауіпсіздік шаралары

- Абайлаңыз: құрылғыны пайдаланғанда әрқашан сақ болыңыз. Шаршап тұрғанда немесе есірткі, арақ және дәрі әсерінде болған жағдайда, құрылғыны пайдаланбаңыз. Құрылғыны пайдалану кезінде назарыңыз басқа нәрсеге ауып кетсе, қатты жарақат алу қаупі туындауы мүмкін.
- Киіміңіз сәйкес болуы тиіс. Кең киім кимеңіз және әшекей бұйымдарын тақпаңыз. Кең киім, әшекелейлер және ұзын шаш жылжымалы заттарға ілініп қалуы мүмкін.
- Гигиена талаптарын орындаңыз. Сорғыны пайдаланған соң, қолыңызды және басқа ластанған дене бөліктерін ыстық сумен сабындап жуыңыз. Улы және зарарды материалдардан қорғану үшін сорғыны пайдаланғану немесе сорғыны құбырды тексеру үшін пайдалану кезінде шылым шегуге не тамақ жеуге болмайды.
- Құрылғыны пайдаланғанда не оны ағызу құбырларында

пайдаланғанда, тиісті қорғаныс жабдықтарын қолданыңыз.

Құбырларда улы, зарарлы не теріні күйдіретін химиялық улы заттар, бактериялар және басқа да зиянды заттар болуы мүмкін. Тиісті жеке қорғану жабдықтарына қорғаныс көзілдірігі, шаңнан қорғайтын бетперде, қатты бас киім, құлақ қорғау жабдығы, құбыр тазалауға арналған қолғаптар, латекс не резеңке қолғаптар, бет қалқаны, қалқанды көзілдіріктер, арнайы киімдер, тыныс алу құралдары, ұшы темір және сырғымайтын аяқ киімдер жатады.

- **Құбыр тазалау және тексеру құрылғысын пайдаланғанда, құбыр тазалауға арналған RIDGID қолғабын киіңіз.** Сорғының айналмалы кабелін басқа қолғаптармен, әсіресе шүберекпен ұстамаңыз, себебі ол кабельге оратылып, жарақат алуға себеп болуы мүмкін. Құбыр тазалауға арналған RIDGID қолғабының ішіне тек латекс не резеңке қолғап киіңіз. Құбырды тазалау үшін зақымдалған қолғапты кимеңіз.

## Құрылғыны пайдалану және күту

- **Құрылғыға шамадан тыс күш түсірмеңіз.** Қолдануға арналған тиісті жабдықтарды пайдаланыңыз. Тиісті жабдық жұмысты жақсырақ және анағұрлым қауіпсіз орындау үшін маңызды.
- **Қуат қосқышын қосу не өшіру мүмкін болмаса, құрылғыны пайдаланбаңыз.** Қуат қосқышы жұмыс істемейтін құрылғы қауіпті болып табылады, оны алдымен жөндеу қажет.
- **Құрылғы орнын ауыстырғанда, қосымша құралдарын ауыстырғанда немесе оны сақтау үшін жинап қойғанда, қуат ашасын ажыратыңыз не батареясын шығарып алыңыз.** Сақтық шараларын орындау жарақат алу қаупін азайтады.

- **Құрылғыны балалардың қолы жетпейтін жерге қойыңыз және оны пайдалану жолдарын не нұсқауларын білмейтін адамдарға қолдануға рұқсат бермеңіз.** Дайындығы жоқ адамның қолында құрылғы қауіпті болуы мүмкін.

- **Құрылғыны күту.** Құрылғының жылжымалы бөліктерінің дұрыс тураланғанын және жақсылап бекітілгенін, бөлшектерінің түгелдігін, сынбағанын және құрылғы жұмысына әсер етуі мүмкін басқа да жағдайлардың бар-жоғын тексеріңіз. Егер құрылғының зақымданған жері болса, оны пайдаланбас бұрын жөндеңіз. Көптеген апаттар құрылғыны дұрыс қолданбау салдарынан болады.

- **Шамадан тыс күш салмаңыз.** Барлық уақытта оның аяқтарының беріктігін және тепе-теңдігін қадағалаңыз. Бұл күтпеген жағдайларда құрылғыны жақсырақ басқаруға мүмкіндік береді.

- **Құрылғы мен қосымша құралдарды жұмыс шарттары мен орындалатын жұмыс түрін ескере отырып, осы нұсқауларға сай пайдаланыңыз.** Құрылғы жабдықтарын мақсатынан тыс нәрселерге пайдалану қауіпті жағдайларды туындатуы мүмкін.

- **Құрылғы өндірушісі ұсынған қосымша құралдарды ғана пайдаланыңыз.** Бұл құрылғыға жарамды қосымша құралдарды басқа құрылғыға пайдалану қауіп туындатуы мүмкін.

- **Тұтқалары әрқашан құрғақ, таза және май мен кірден таза болуы тиіс.** Тұтқалар таза болса, құрылғымен жұмыс істеу де қолайлырақ болады.

## Батареяны қолдану және күту

- Бұл құрылғыны тек арнайы жасалған батареямен ғана пайдаланыңыз. Кез келген басқа батареяны қолдану жарақаттану және/немесе өрт қаупін туындатуы мүмкін.
- Тек өндіруші көрсеткен зарядтағышпен ғана зарядтаңыз. Бір батарея түріне сәйкес келетін зарядтағыш басқа бір батарея түрімен пайдаланылған кезде, өрт қаупі туындауы мүмкін.
- Зарядтағыш қолданылып жатқан кезде, оны жаппаңыз. Дұрыс жұмыс істеуі үшін желдету дұрыс болуы тиіс. Жұмыс істеп жатқан зарядтағышты жапсаңыз, ол өрт туындатуы мүмкін.
- Батареялар мен зарядтағыштарды құжаттамасындағы талаптарға сай құрғақ, тиісті температурадағы аймақтарда пайдаланыңыз және сақтаңыз. Шамадан тыс температуралар мен ылғалдылық батареяларды зақымдап, олардың ағуына, ток соғуға, өртке немесе күйікке әкелуі мүмкін.
- Батареяны ток өткізгіш заттармен тұртуге болмайды. Батарея терминалдары бір-біріне тисе, ұшқын шығуы, денені күйдіруі немесе ток соғуы мүмкін. Батарея қолданылмаған кезде, оған қағаз қысқыштары, монеталар, кілттер, шегелер, бұрауыштар немесе басқа да бір терминалды екіншісіне түйістіретін шағын металл заттар сияқты ток өткізгіштерді жолатпаңыз. Батарея терминалдарын бір-біріне қысқаша тұйықталса, ол күйікке немесе өртке әкелуі мүмкін.
- Дұрыс емес жағдайларда батареядан сұйықтық ағуы мүмкін; оны денеге тигізбеңіз. Ал тиіп кетсе, сумен шайыңыз. Егер сұйықтық көзге тисе, медициналық көмекке жүгініңіз. Батареядан шыққан сұйықтық тиген жерді тітіркендіруі немесе күйдіруі мүмкін.

- Батареяларды қоқысқа ережелерге сай тастаңыз. Батареяларға жоғары температура әсер етсе, олар жарылуы мүмкін; от тигізбеңіз. Кейбір елдерде батареяларды тастауға қатысты заңдар болады. Барлық қолданыстағы заңдарды орындаңыз.

## Қолдану алдында тексеру

### ⚠ ЕСКЕРТУ



Тоқ соғу не басқаша жарақат алу не құрылғыға зақым келу қаупін азайту үшін, құрылғыны тексеріп, барлық ақаулықтарын құрылғыны пайдалануға дейін жою қажет.

Құрылғыны тексеру үшін, мына қадамдарды орындаңыз:

1. Құрылғыны өшіріңіз.
2. Барлық сымдарын, кабельдерін және қосқыштарын ажыратып, жалпы күйін тексеріп алыңыз.
3. Құрылғыны пайдалану не тасымалдау кезінде қолыңыздан сырғып кетіп, құлатып алмас үшін, құрылғының шаңын сүртіп, май не лас жерлерін тазалап алыңыз.
4. Құрылғының қалыпты жұмысына кедергі келтіруі ықтимал бұзылған және тозған бөлшектерін, дұрыс салынбаған не мүлдем салынбаған бөлшектерін, жалғанған бөлшектерінің мықтылығын және жалпы күйін тексеріп алыңыз.
5. Күйінің қолдануға жарамдылығын тексеру үшін, барлық басқа жабдықтарына қатысты нұсқауларды қараңыз.
6. Жұмыс орнын тексеріңіз:
  - Жарықтандыру деңгейі талапқа сәйкес.

- Маңайда жылдам тұтанғыш сұйықтықтардың, будың не жылдам тұтанатын шаңның болмауы. Егер болса, онда жұмысты тиісті шаралар қолданылғанша бастамаңыз. Бұл құрылғы жарылыстан қорғалмаған. Электр сымдарының жалғанған жерлерінен ұшқындар шығу мүмкін.
  - Жұмыс орны таза, тегіс, берік және құрғақ болуы керек. Құрылғыны суда тұрып пайдаланбаңыз.
7. Орындалатын жұмыс түрін анықтап, оған сай құрылғыны таңдаңыз.
  8. Жұмыс орнын тексеріп, қажетінше басқа адамдарды бөгейтін қалқандарды қойыңыз.

## Сипаттама



RIDGID® SeeSnake® CSx Via™\*\* құрылғылары – мультимедиа файлдарын мобильді құрылғы арқылы таратуды, түсіруді және бөлісуді тексерудің қолайлы шешімі. Ішкі Wi-Fi және Bluetooth мүмкіндіктерінің арқасында CSx Via құрылғысы iOS™, Android™ немесе Windows негізіндегі құрылғыларға қосылып, SeeSnake HQx Live қолданбасымен немесе Windows жүйесіне арналған SeeSnake HQ бағдарламалық құралымен тексеру жұмыстарын орындауға мүмкіндік береді. CSx Via құрылғысы 18 В қайта зарядталатын батареямен жұмыс істейді.

CSx Via құрылғысы көптеген RIDGID SeeSnake камера орауыштарымен үйлесімді. CSx Via тұғыры (қосымша құрал) CSx Via құрылғысын SeeSnake Standard немесе Mini камера орауыштарымен пайдалану үшін қажет.

RIDGID SeeSnake HQx қондырмасы планшетпен HQx Live немесе HQ нұсқаларын пайдаланған кезде тексеру көрінісін жақсартуға арналған. Бөлек құрылғы ретінде немесе RIDGID SeeSnake Compact Series орауышына тез және оңай бекітіп пайдаланыңыз.



\*Патент қаралуда

Техникалық сипаттамалары	
<b>Салмағы (қақпағымен)</b>	0,38 кг [0,83 фунт]
<b>Өлшемдері</b>	
Ұзындығы	149 мм [5,9 дюйм]
Тереңдігі	106 мм [4,2 дюйм]
Биіктігі	126 мм [5 дюйм]
<b>Қуат көзі</b>	18 В литий-ионды немесе 18,5 В литий полимерлі Lucid батареясы
<b>Байланыс</b>	
Bluetooth	Аз қуат тұтынатын Bluetooth (BLE)
Wi-Fi	802.11 b/g/n 802.11 a/n/ac
<b>Рұқсат етілген жұмыс ортасы</b>	
Температура	-10°C — 50°C [14°F — 122°F]
Сақтау температурасы	-20°C — 60°C [-4°F — 140°F]
Салыстырмалы ылғалдылық	5-95 пайыз

## Құрамдастар





## Пайдалану

### Орнату

*Ескертпе:* CSx Via құрылғысын SeeSnake Standard немесе Mini камера орауыштарына бекіту үшін CSx Via тұғырының пайдалану нұсқаулығын оқыңыз.

1. SeeSnake жүйесінің кабелін орауыштан шығарыңыз. Шығару туралы нұсқауларды орауыштың Пайдалану нұсқаулығынан қараңыз.
2. Батареяны CSx Via батарея қуысына сырғытып салыңыз.
3. CSx Via жалғағышынан жеткізу кезінде қолданылатын қақпақты алыңыз.
4. Жалғағыштағы көрсеткіні жақтаудағы ашық құлып таңбасына **Ⓛ** туралап, CSx Via құрылғысын түйіспе сақинаның қуысына енгізіңіз.
5. CSx Via құрылғысын орнына **Ⓛ** бекітілгенше бұраңыз.

#### ЕСКЕРТПЕ

Түйіспе сақинаның дөңгелегінің ішіндегі түйісу істікшелерін ұстамаңыз. Түйісу істікшелерін бассаңыз, олар сынып кетуі мүмкін.



### Шығару

CSx Via құрылғысын шығарып алу үшін оны бұрау арқылы көрсеткіні ашық құлып таңбасына **Ⓛ** туралаңыз да, тікелей суырып алыңыз.

### Тексеру жұмысын орындау

CSx Via құрылғысын пайдалану арқылы iOS және Android құрылғыларына арналған HQx Live қолданбасы немесе Windows құрылғыларына арналған SeeSnake HQ бағдарламасында тексеру жұмысын орындауға болады.

Тексеру жұмысын орындау мақсатында орнату үшін құрылғының Wi-Fi және Bluetooth функцияларын іске қосып, қолданбаны ашыңыз да, CSx Via құрылғысына сымсыз желі арқылы қосыңыз. Қосылған соң, тексеру процесінің бейнематериалдарын нақты уақытта таратуға және мультимедиа файлдарын түсіруге, көруге және бөлісуге болады.

Қосымша нұсқаулар, сонымен қатар байланыс орнату туралы толық нұсқаулар және мультимедиа түсіру және бөлісу туралы ақпарат қажет болса, SeeSnake қолдау қызметіндегі HQx Live және HQ қолдау көрсету беттеріне кіріңіз.

- HQx Live: [support.seesnake.com/hqx-live/](https://support.seesnake.com/hqx-live/)
- HQ: [support.seesnake.com/hq](https://support.seesnake.com/hq)

### Негізгі функциялары



Қуат

Қуатты қосады және өшіреді. Құрылғы күту режимінде болғанда оны ояту үшін басыңыз.



Нөл

Жүйе өлшем бірлігін нөлге орнату үшін басып тұрыңыз. Уақытша бөлік өлшемдерін бастау және тоқтату үшін басыңыз.



Зонд

Зондты қосады және өшіреді.

## Жарықдиодты шамның әрекеттері

CSx Via құрылғысында жүктеу және Wi-Fi байланысының күйлерін көрсететін жарықдиодты шамдар бар.



### Қуат және жүктеу күйлерін көрсететін жарықдиодтар

Күй	Жарықдиод
Жүктеу	Екі жарықдиод кезекпен жыпылықтайды
Қайта іске қосылуда/ өшірілуде	Екі жарықдиод бірге жыпылықтайды
Қалпына келтіру режимі: CSx Via құрылғысының микробағ дарламасы жаңарып, ол бірден іске қосыла алмағандықтан өшіп, қайта қосылуда	Екі жарықдиод бірге жыпылықтайды

### Wi-Fi байланысының жарықдиодтары

Күй	Жарықдиод
Wi-Fi жүктелуде	Wi-Fi жарықдиоды тез жыпылықтайды
Wi-Fi дайын	Wi-Fi жарықдиоды тұрақты жыпылықтайды
Wi-Fi қосылған	Wi-Fi жарықдиоды тұрақты жанады

## Қуат күйлері

CSx Via құрылғысының үш қуат күйі бар: қосулы, өшірулі және күту режимі (қуат үнемдеу үшін камераны және оның жарықдиод шамдарын өшіретін төменгі қуат тұтыну режимі). CSx Via құрылғысы белгілі бір уақыт ішінде ешбір әрекет орындалмағанда немесе қолданбаны жапқанда не ағымдағы көріністен шыққанда күту режиміне өтеді. CSx Via құрылғысын күту режимінен ояту үшін қуат түймесін басыңыз немесе қолданбаның ағымдағы көрінісін ашыңыз.

Басқа қуат күйлеріне өтетін кезде, CSx Via құрылғысы дыбысты сигналдар шығарады.

### Қуат күйінің дыбыстары

Қуат күйі	Дыбыс
Қуатты қосу	Бір дыбыс
Қуатты өшіру	Ұзақ дыбыс
Күту режиміне өту	Екі дыбыс
Күту режимінен ояну	Бір дыбыс

## Күтім және қолдау көрсету

### Қолдау көрсету

Жүйені пайдалануға қатысты қолдау және қосымша ақпарат қажет болса, [support.seesnake.com/kk/csxvia](http://support.seesnake.com/kk/csxvia) сайтына кіріңіз.

### Тасымалдау және сақтау

Бұл жүйені сақтағанда және тасымалдағанда мынаны ескеріңіз:

- Оны балалар мен оның пайдалану мақсатын білмейтін адамдардан аулақ, есігі құлыпталған жерде сақтаңыз.
- Токқа түсу қаупін азайту үшін оны құрғақ жерде сақтаңыз.
- Оны радиаторлар, жылытқыш регистрлер, пештер және басқа да жылу бөлетін өнімдер (күшейткіш аппараттарды қоса) сияқты жылу көздерінен аулақ жерде сақтаңыз.
- Сақтау температурасы  $-20^{\circ}\text{C}$  және  $60^{\circ}\text{C}$  [ $-4^{\circ}\text{F}$  және  $140^{\circ}\text{F}$ ] арасында болуы тиіс.
- Тасымалдау кезінде қатты соққыға ұшыратпаңыз.
- Жөнелту және ұзақ уақытқа сақтау алдында батареяны шығарып алыңыз.

## Техникалық қызмет көрсету және жөндеу

Техникалық қызметті және жөндеуді дұрыс орындамау CSx Via құрылғысының қауіпсіз жұмыс істеуіне әкелуі мүмкін.

CSx Via құрылғысына техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстары RIDGID бөлек ресми қызмет орталығында орындалуы тиіс. Құрылғы қауіпсіз жұмыс істесін десеңіз, оған көрсетілетін қызметтерді тек білікті жөндеу маманы тек пара-пар қосалқы бөлшектерді пайдалану арқылы орындауын қадағалаңыз. Төмендегі жағдайлардың кез келгені орын алса, CSx Via құрылғысын пайдалануды тоқтатып, батареяны шығарып алыңыз да, қызмет көрсету маманымен хабарласыңыз:

- Құрылғы үстіне сұйықтық төгілсе немесе заттар құласа.
- Пайдалану нұсқаулары орындалса да құрылғы қалыпты жұмыс істемесе.
- Құрылғы құласа немесе зақымданған болса.
- Құрылғы жұмысында айқын өзгеріс байқалса.

Ең жақын RIDGID бөлек ресми қызмет орталығы туралы ақпарат алу үшін немесе кез келген техникалық қызметке немесе жөндеуге қатысты сұрақтарға жауап алу үшін:

- Жергілікті RIDGID таратушысымен хабарласыңыз.
- RIDGID.com вебсайтын қараңыз.
- RIDGID техникалық қызмет көрсету бөліміне [rttechservices@emerson.com](mailto:rttechservices@emerson.com) мекенжайы арқылы не АҚШ және Канадада елдеріндегі 1-800-519-3456 телефоны арқылы хабарласыңыз.

## Қоқысқа тастау

Жүйе бөлшектерінің құрамында қайта пайдалануға болатын құнды материалдар бар. Материалдарды қайта қолданумен айналысатын жергілікті мекемелер болады. Бөлшектерді барлық қолданыстағы ережелерге сай тастаңыз. Қосымша ақпарат қажет болса, қоқысқа тастау бойынша жергілікті құзырлы мекемемен хабарласыңыз.



**ЕҚ елдері:** электрлік құрылғыларды үй қоқысымен бірге тастауға болмайды!

Еуропаның электрлік және электрондық құрылғыларды қоқысқа тастауға қатысты 2012/19/ЕС ережесіне және әр мемлекет ережелеріне сай, қолданыстан шыққан электрлік құрылғыларды бөлек жинап, қоршаған ортаға зиянын келтірмейтін жолмен тастау қажет.

## Батареяны тастау

**ЕҚ елдері:** бүлінген не қолданыстан шыққан батареяларды 2006/66/ЕЕС ережесіне сай тастау қажет.







**Ridge Tool Company**  
400 Clark Street  
Elyria, Ohio 44035-6001  
USA  
1-800-474-3443

**Ridge Tool Europe NV (RIDGID)**  
Ondernemerslaan 5428  
3800 Sint-Truiden  
Belgium  
+32 (0)11 598 620

© 2021 Ridge Tool Company. Барлық құқықтары қорғалған.

Бұл нұсқаулықтағы барлық ақпарат дұрыс болуы үшін көп күш салынды. Ridge Tool компаниясы және оның филиалдары құрылғылардың не бағдаламалық жасақтаманың не екеуінің де сипаттамаларын ескертусіз өзгерту құқығын сақтайды. Осы өнімге қатысты соңғы жаңалықтарды және қосымша ақпаратты көру үшін, RIDGID.com вебсайтына өтіңіз. Өнімді жетілдіру жұмыстарына қарай, осы нұсқаулықтағы суреттер мен басқа да көріністері әр түрлі болуы мүмкін.

RIDGID және RIDGID логотипі – Ridge Tool компаниясының АҚШ-тағы және басқа елдердегі тіркелген сауда белгілері. Осы нұсқаулықта аталған барлық басқа тіркелген және тіркелмеген сауда белгілері өздерінің тиісті компаниялардың меншіктері болып табылады. Үшінші тарап өнімдері тек қана ақпараттық мақсатта аталған және бұл оларды құптау немесе ұсыну болып танылмайды.

iPad, iPhone, iPod touch және App Store – Apple Inc. корпорациясының АҚШ-та және басқа елдерде тіркелген сауда белгілері. «iPod үшін жасалған», «iPhone үшін жасалған» және «iPad үшін жасалған» сөздері электрондық аксессуардың iPod, iPhone немесе iPad құрылғыларына қосуға арналғанын және оларды жасаушы Apple өнімділік стандарттарына сай сертификаттағанын білдіреді. Apple осы құрылғының қалай пайдаланылатынына немесе оның қауіпсіздік және заңдық стандарттарға сәйкестігіне жауапты емес. Бұл аксессуарды iPod, iPhone немесе iPad құрылғыларымен пайдалану сымсыз желі өнімділігіне әсер ететінін ескеріңіз.

IOS – Cisco корпорациясының АҚШ-тағы және басқа елдердегі тіркелген сауда белгісі және оны Apple Inc. корпорациясы лицензияға сай пайдаланады.

Bluetooth сөз белгісі мен логотиптері – Bluetooth SIG, Inc. иелігінде.

Android және Google Play – Google Inc сауда белгілері